



Сыр бойы

№149 (21025) 2 қазан, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАҒАН ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ САНАЛЫ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіби мерекелері қарсаңында мұғалімдерді құттықтады. Бұл мереке елімізде ерекше аталып өтетінін айтып, ұстаздар қауымына зор құрмет көрсетіле беретінін жеткізді.

Салтанатты сәтте Президент қолынан мектеп мұғалімдерімен бірге колледж және жоғары оқу орындарының оқытушылары, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мамандар да марапат иеленді.

– Міржақып Дулатұлы «Халыққа ең пайдалы адам – мұғалім» деген. Мұғалім – әр азамат үшін өте қадірлі тұлға. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалім – әрбір балаға өмір жолын көрсетеді. Ұстаз – тәлім-тәрбие мен білімнің қайнар көзі. Кез келген қоғамның кемелділігі, өркениеттілігі ұстазға деген қатынасымен өлшенеді. Ұстазын ұлықтаған елдің ұрпағы саналы, болашағы жарқын болары хақ. Себебі әр мұғалімнің еңбегі – ерен, еліміздің дамуына қосқан үлесі – орасан. Сондықтан бүгін мен білім беру саласында еңбек етіп жүрген барша азаматқа ыңырайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы салтанатты жиындағы сөзінде.

Президент атап өткендей, озық ойлы ұлт болу үшін ең алдымен, білім-ғылымның дамуына баса мән беріміз керек. Кейінгі бес жылда елімізде осы бағытта көп жұмыс істеліп, білім саласына бөлінетін қаржы үш есе артқан. 1200 жаңа мектеп ашылып, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Ал осы жоба бойынша заман талабына сай 150 білім ошағы салынып, осы санаттағы 67 мектептің құрылысы жүрде.

– Балалардың сапалы білім алуына қажетті барлық жағдай жасалуда. Бұл деректі халық білуі керек, себебі мемлекет жас ұрпақтың біліміне және ұстаздардың жағдайына баса назар аударып жатыр.

Біз педагогтердің мәртебесін көтеріп, әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін нақты шараларды қолға алдық. Арнайы заң қабылдадық. Бүгінде ұстаздардың жалақысы 2 есе өсті, – деді Президент.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ұстаз болу нағыз білікті, дарынды, шебер маманның ғана қолынан келетінін алға тартып, мұғалімнің еңбегі соған сай лайықты бағалануға тиіс екеніне тоқталды.

– Қазір білім нарығында бәсеке күшейді, көптеген жастарымыз ұстаз болуға ұмтылып жатыр. Әсіресе, мектепті «Алтын белгімен» бітірген түлектердің арасында мұғалімдік жолын тандағандар көп. Бұл – өте жақсы үрдіс. Мемлекет мұндай азаматтарды әрдайым қолдайды. Биыл мұғалімдер даярлау үшін 13 мыңнан астам грант бөлінді. Бұл – еліміздегі барлық гранттың бестен біріне жуығы деген сөз. Жалпы, білім беру саласында жүйелі жұмыс істеліп жатыр, нәтижесі де жақсы деп айтуға болады. Мысалы, бытырдан бері мыңнан астам оқушы түрлі пәннен халықаралық білім сайысында жеңімпаз атанды. Бұл – ұстаздардың белсенді жұмысының жемісі, дарынды жастарымыздың табанды еңбегінің нәтижесі. Мен тамыз айында олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Ақордаға шақырып, оларға арнайы сертификаттар табыстадым. Бұл дәстүр жалғасын табады, – деді Президент.

Қазіргідей құбылмалы заманда сапалы біліммен қатар, саналы тәрбиенің маңызы ерекше. Осы мәселеге баса назар аудару керектігін айтқан Мемлекет басшысы бұл іске мемлекет те, мектеп те, отбасы да бірдей атсалысуы қажеттігін алға тартты.

2-бет

/// БЕЛЕС

СЫРДЫҢ СПОРТТЫҚ ДАҢҚЫ ЖАҢА СТАДИОНДА ЖАҢҒЫРАДЫ



Бытыр Қызылорда қаласының сол жағалауында қазығы қағылып, енді екі күнде елдің игілігіне айналатын «Қайсар-арена» стадионының ашылуы Қазақстан футболы тарихындағы ерекше оқиғаның біріне айналғалы тұр. Тәуелсіз Қазақстанда бұл спорттық нысан жаңадан бой көтерген үшінші стадион болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елімізде жаңа стадиондар салу мәселесін Сыр өңірі алғашқы болып жүзеге асырды. Бұл – биыл Қазақ елінің алғашқы астанасы мәртебесіне ие болғанына 100 жыл толған Қызылорда қаласының мерейтойына айрықша тарту.

Кейінгі жылдары ел футболы тарихында ерекше оқиғалар болып жатыр. Биыл алматылық «Қайрат» UEFA Чемпиондар лигасы негізгі кезеңіне дейін жетті. Күні кеше жарыстың осы сатысында әлемге әйгілі «Реал Мадрид» секілді алпауыт клубпен өз алаңында шеберлік байқасты. Алдағы уақытта дәл осындай биіктіктен қызылордалық «Қайсар» да көрінеді деген сенімдеміз.

4-бет

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте футболдан Қазақстан Кубогының финалдық ойынын және 11 мың орындық жаңа стадионның ашылу салтанатын ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Өған облыстық басқарма мен жауапты мекеме басшылары, Қазақстан футбол федерациясы кәсіби клубтар арасында жарыстар өткізу дирекциясының басшысы Бақытжан Пазылхайыр қатысты.

ФИНАЛҒА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктелді.

– Жаңа стадионның ашылу салтанаты кезінде электр энергиясын үздіксіз қамтамасыз ету, төтенше жағдай туындамас үшін желілерді алдын ала тексеріп, резервтік қуат көздерін даярлау керек.

Жедел жәрдем қызметінің кезекшілігі ұйымдастырылсын. Қоғамдық тәртіп пен

қауіпсіздікті сақтауда патрульдік қызметті күшейту, көлік қозғалысын реттеу және жедел әрекет етуге әзірлік қолға алынсын.

Жанкүйерлер арасында қоғамдық тәртіптің бұзылмауын қадағалау үшін полиция қызметкерлерінің санын арттыру керек.

Қоғамдық саяси ахуалдың тұрақтылығы біз үшін өте маңызды. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті стадион аумағын

толық бақылап, оқыс оқиғалардың болмауын барынша пысықтау керек. Өрт сөндіру техникалары сакадай сай тұруы тиіс. Сондай-ақ финалдық ойын өтетін аумақта санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталуы тиіс. Әсіресе, қоғамдық тамақтану орындары мен сауда нүктелерінің тазалығы қатаң бақылауға алынсын, – деді облыс әкімі.

/// КӘСІП ПЕН НӘСІП

«ҚЫЗАНАҚТЫҢ 11 СОРТЫН ЕКТІМ» ШИЕЛІЛІК ДИҚАННЫҢ ӨНІМІНЕ СУРАНЫС ЖОҒАРЫ

Шиелілік Мұхтар Шохаевтың еккен қызанағы брендке айналған. Диқан өнімі Ресейге де жөнелтілуде, еліміздің кез келген өңірінен тапсырыс берушілер жылдан жылға көбейіп келеді. Қызанағы табиғи, таза, себебі органикалық тыңайтқыштарды қолданады. Биыл 25 гектар жерге 11 сортын егіп, мол өнім алды, 12 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Шаруаның алқабында жұмыс қызу. Дақылдың сан түрін екендіктен өнім мол. Қазір несібесін шашпай-төкпей жинап алуға. Қызанақты алқап басынан әкетіп жатыр.

Әлеуметтік желіде де белсенді диқан білгенін, жинаған тәжірибесін өзгелермен бөлісіп отырады. Айтуынша, шаруа екі нәрседен қателеспейу керек. Бірінші – топырақ тандаудан, екінші – тұқымнан. Ол жергілікті тұқымнан бөлек, кейінгі кездері түріктің, Голландия мен Израильден келген өнімді сынап көруде.

– Бала кезден егін егіп өстік. Кейін ұстаздық жолды тандадым. Мектепте мұғалім болдым. Бірақ сол бала күні жанымға жақын егіншілікке қайта бет бұрдым. Алғашында картоп егіп бастадым. Бейнегі аз емес. Қара

күзге дейін күтім жасалады. 2017 жылдан қызанақ егуге көштім.

Жылда бір дақылды еге берсең, уақыт өте келе ол да ескіреді. Құбылмалы ауа райына қарсы тұра алмай, ауырады. Сол үшін жаңа сортты шығаруға, оны бейімдеуге байланысты зерттеу жүргіземін. Биыл қызанақтың 11 сортын ексем, 50 түрі сынақтан өтуде. Әзірге нәтиже жаман емес, – дейді ол.

Жер-ананың бабын тауып, шаруасын дөңгеленткен ол егін науқанына ерте қамданады. Ақпан айында есіктің алдына тұқым сеуіп, көшет шығарады. Сәуірде қызанақ егуді бастаса, наурызда алқапқа көшеді. Басында жатып, әр түптің ауырмай, жетілуін бақылайды. Осылайша тынымсыз еңбектің арқасында мамырдан бастап қияр

жинап, алғашқы өнімге қол жеткізеді. Шаруа 2019 жылы алғашқылардың бірі болып, тамшылатып суару әдісін қолға алды.

– Қолға алған істен нәтиже көру үшін кез келген қиындықты еңсеруге тура келеді. Көшет ектім, енді мол өнім аламын деген қате пікір. Өсімдік те бабы болмаса ауырады, уақыт өте тұқым тозады, жерде күтмі болмаса құнарын жоғалтады.

Мұндай жағдайдың алдын алуға ізденіс керек. Көшет егілген күннен бастап, алқаптың басында боламын. Уақытылы суарып, органикалық минералды тыңайтқышты мөлшерімен беремін, арамшөбін жұлып, дақылды балаша күтемін. Тыңайтқыштың «Бионұр», «Guminkz» сынды түрін пайдаланамын. Қазір егін басында қызу тіршілік. Қорапқа салынған қызанақтар өзге өнімдерге, жеке тапсырыс берушілерге жөнелтілуде. Бастысы, қызанақ жолға жарамды. Жинау науқанына ауыл тұрғындары тартылған.



Оларға күнделікті ақысын төлеймін. Мәселен, жұмыс күндері 30-35 адам еңбек етсе, демалыс күндері теруге 50 адамдай келеді, – дейді ол.

Айтуынша қызанақтың «Ерке F1», «Таня» сорттары суранысқа ие. Бұл – өнімді мол беретін тұқым, дәмді әрі сулы.

– Алдағы 3-4 күнде ауа райы суытады екен. Сол себепті өнім жинауды тоқтаттым. Себебі үсіп кетеді. Қайта үстің жауып, суықтан қорғауға қамданып жатырмыз. Біздің ендігі мақсатымыз – жауын-шашын, аяз түсіп кетпей барлығын жинап алу, – дейді диқан.

Мұхтар жаңа тұқым аларда, тыңайтқыштарды қолдануда тәжірибелі мамандармен ақылдасып отырады. Содан болар, бір түп қызанағы ауырмайды. Зерттеп жүрген жаңа сорты нәтижесін береді. Міне, еңбектің жемісі!

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Валюта бағамы: \$ 549,06 kzt € 644,87 kzt ₸ 6,66 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +17° 🌙 +3°

Жұма ☀️ +18° 🌙 +4°

ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАҒАН ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ САНАЛЫ

– Биылдан бастап барлық мектептің оқыту үдерісіне «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізіліп жатыр. Басты мақсат – жас ұрпақтың санасына жалпымұлттық құндылықтарды сіңіру, оларды отаншыл рухта тәрбиелеу. Қазіргі таңда бүкіл халық «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыруға қомақты үлес қосып, осы маңызды жұмысқа белсенді түрде атсалысуда.

«Таза Қазақстан» жалпымұлттық қозғалысы – жай науқан емес, бұл – мән-мағынасы терең, еліміздің болашағына тікелей қатысы бар жұмыс. Сондықтан мен барлық мұғалімдер қауымына осы бастамаға қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын. Мұның бәрі, түптеп келгенде, ұлт сапасының мықты болуына әсер етеді. Жалпы, алда әлі де көп жұмыс бар. Мен Тамыз конференциясында білім беру ісіне қатысты бірқатар өзекті мәселеге арнайы тоқталдым. Үкіметке нақты тапсырмалар бердім. Оқу-ағарту министрлігі барлық жұмысты уақытылы әрі сапалы орындауы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сонымен қатар заман талабына сай дамыған, озық ел болуға үндей, білім беру ісіндегі цифрландыру мәселесіне назар аударды.

Цифрландыру және жасанды интеллект технологиясы – қазіргі заманның ақиқаты. Сол себепті мен биылғы халыққа Жолдауымды осы өзекті мәселеге арнадым. Цифрлық сауаттылықты балаларға мектептен бастап үйреткен дұрыс. Оқушылар озық технологияны оқуда тиімді пайдалана білгені жөн. Бұл – ұстаздарға да қатысты мәселе. Мұғалімдер заманауи дағдыларды жетік меңгеруі қажет. Жасанды интеллекттің білім саласында кеңінен пайдаланған абзал. Цифрлық ел болу – бір күннің шаруасы емес. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – мектептен бастап түбегейлі жаңа тәсілмен жұмыс істеу деген сөз. Сіздер, құрметті ұстаздар, осы маңызды миссияны жүзеге асыруға атсалысып, белсене жұмыс істейсіздер деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент айтқандай, қоғамда «Заң және тәртіп» қағидасы үстемдік құра береді. Оны жүйелі жүзеге асырудың нәтижесі көріне бастады.

– 2019 жылдан бері қылмыстық құқықбұзушылықтың саны екі есе қысқарды. Уәкілетті органдар бұл бағыттағы кешенді жұмысты жалғастыруы керек. Қоғамда жоғары құқықтық мәдениет қалыптастыруда Оқу-ағарту министрлігі мен педагогтер айрықша рөл атқарады. Себебі әділдік, заң және тәртіп қағидаттары мектеп партасынан бастап орнығуы қажет. Осылай ғана біз өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз етіп, шын мәнінде Қауіпсіз, Құатты және Әділетті Қазақстанды құра аламыз, – деп нақтылады Президент.

Жиында білім беру саласына қосқан елеулі үлесі және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін бір топ ұстаз Президент қолынан мемлекеттік награда иеленді. Олардың қатарында әлгінде атап өткендей, мектеп мұғалімдерімен бірге колледж және жоғары оқу орындарының оқытушылары, ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мамандар да бар.

Қ.ӘБІШ

1-бет

/// МЕРЕКЕ МӘЗІРІ

БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕНІҢ АЙНАСЫ

АРДАГЕРЛЕР БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай облыс ардагерлері өндірістік және инфрақұрылымдық жобалармен, іске қосылған нысандар жұмысымен танысты.

Алдымен «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясына барды. Заманауи орталық бір мезетте 500, тәулігіне 3 мыңға дейін оқушы қабылдай алады. Мұнда бассейн, фитнес және гимнастика залдары, үстел теннисі, жекпе-жек және үстел ойындарына арналған бөлмелер бар. Сонымен қатар кескіндеме, сурет, сәндік-қолданбалы өнер, робототехника, жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.

Келесі нысан – «Қызылорда-Нан» ЖШС-ның нан-тоқаш, кондитерлік және макарон өнімдерін өндіру кешені. Қазіргі таңда үш өндірістік цех іске қосылған, алдағы уақытта печенье цехі жұмысын бастайды. Өнімнің 30%-ы кәсіпорынның жеке сауда желісі арқылы сатылады, қалғаны қала мен ауылдарға жеткізіледі. Жобаға 5 гектар жер беріліп, инфрақұрылым тартылды. «Қазақстан Халық банкінен» алынған 1,2 млрд теңге жеңілдетілген несиенің пайыздық мөлшерлемесі мемлекет тарапынан субсидиялануда. Бүгінде мұнда 120 адам еңбек етсе, болашақта олардың саны 150-ге жетпек.

Одан кейін ардагерлер жаңа жылу-электр орталығының құрылыс барысымен танысты.

«Aksa Energy» түрік компаниясымен бірлескен жоба аясында қуаттылығы 240 МВт болатын нысан салынууда. Орталыққа General Electric (АҚШ), Doosan Skoda (Чехия), AC BOILERS (Италия), Mimsan (Түркия) компанияларының қондырғылары жеткізілген. Құрылыс жұмыстарының 80%-ы аяқталып, газ тарату станциясы мен 45 шақырым газ құбыры салынды. Биыл алғашқы газ турбиналық қондырғы мен екі жылу қазандығы іске қосылса, қалғаны 2026 жылы пайдалануға беріледі.

Ардагерлер қалалық мәдениет және демалыс паркін, Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстарында көрді. Жаңа коммуналдық базарды, «Қызылорда СА3-М» кірпіш зауытын, музыкалық колледждің жаңа ғимаратын, физика-математика мектеп-интернатын және 11 мың орындық жаңа стадионды аралап шықты.

Мерекке орай қала мен аудандардан келген ардагерлердің басын қосқан салтанатты шара ұйымдастырылды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ел ағалары мен ақ жаулықты аналарды мерейлі мерекемен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Азаматтардың

әл-ауқатын арттырудың басым міндеті – зейнетақы жүйесін жетілдіру. Қажырлы ардагерлердің қоғамға үлесін ынталандыру маңызды. Халықтың орташа өмір сүру жасы 75-тен асты, бұл – әлеуметтік саясаттың жетістігі» деген болатын.

Өңірімізде қазыналық қарияларды жан-жақты әлеуметтік қолдау, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында ауқымды жұмыс атқарылууда. Соңғы үш жылда жылына бір рет төленетін әлеуметтік көмектің көлемі Ұлы



Отан соғысының ардагерлеріне 1,5 млн теңгеден 5 млн теңгеге, оларға теңестірілгендер мен тыл ардагерлеріне 90 мыңнан 196 мың теңгеге ұлғайды. Биыл 1700-ге жуық ардагерге 322 млн теңге көлемінде бір реттік әлеуметтік көмек көрсетілді. Облыста бірнеше жылдан бері «Сыр мейірімі» жобасы жүзеге асуда. Жоба аясында көмекке мұқтаж 225 жалғызбасты қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандар, аз қамтылған отбасылар түскі аспен қамтамасыз етіліп келеді.

Қазақ халқы «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» деген. Бұл – халықтың ғасырлар бойғы құрметінің айқын көрінісі. Сіздердің даналықтарыңыз, өмірлік тәжірибелеріңіз бізге – кейінгі ұрпаққа жол көрсетер бағдаршам. Ел ішінде татулығы мен бірлігін сақтауда, ұлттың рухын биік ұстауда ардақты ардагерлеріміздің рөлі ерекше.

Мерейлі мерекедіе баршаныздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін, – деді облыс әкімі.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ЖОЛДАУ ЖҮГІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП БІРІНШІ ОРЫНДА ТҰРУЫ ТИІС



Жалпы қазақстандықтар жыл сайын Мемлекет басшысының дәстүрлі Жолдауын күтетіні белгілі. Бүгінгідей алмағайып уақытта жер-жапанның қай мемлекетінде де біз күтпеген жағдайлар орын алып жатқанда, ел халқын ұйыстырып, бет алысы мен даму бағытын анықтап отыратын нұсқау әбден керек. Сонымен жуырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты кезекті Жолдауын жариялады. Ендеше биылғы Жолдаудың маңызы неде? Жалпы біз Жолдау тарихы мен әлемдік тәжірибеден нені байқаймыз? Саяси ғылымдар докторы, облыстың құрметті азаматы Мұрат Бақтиярұлымен болған аз-кем әңгімесін оқырманға ұсынамыз.

– Мұрат Бақтиярұлы, Президенттің кезекті Жолдауы жарияланды. Жалпы Жолдаудың мән-маңызы неде? Әлемдік тәжірибеден не түюге болады?

– Елімізде жыл сайын Мемлекет басшысының халыққа арналған дәстүрлі Жолдауы Парламент алдында жасалады. Бұл үрдіс 2006 жылдан бастау алады. Бұл 19-шы Жолдау.

Дүниежүзілік тарихқа көз жіберсек, өз мемлекетіндегі халқының тыныштығы үшін, елдің ішкі ынтымағын сақтау мен алға қарай дұрыс дамуы үшін сол мемлекет басшылары өз халқына үндеу тастап, жолдау арнап отырған. Жолдау жасаудың ресми түрі АҚШ президенті Джордж Вашингтонның 1790 жылғы жасаған жолдауынан бастау алады. АҚШ Президенті жылына үш рет, оның екеуі Конгресте ел бюджетін бекіту, елдің әлеуметтік-экономикалық саласын дамыту, АҚШ-тың сыртқы саясатын нақтылау, үшінші жолдауын тікелей ұлтқа бағытталып, АҚШ азаматы болудың бақыты, өз азаматтарын әлемнің қай түкпірінде жүрсе де қорғайтындығын айтып, ұлтының рухын көтереді.

Түркия мемлекетінің негізін қалаған Мұстафа Кемал Ататүрік те өз ұлтына үнемі жолдау жасап отырған. Оның түрік халқына арнаған бір жолдауы үздіксіз 36,5 сағатқа созылған.

Жалпы біздің мемлекетімізде Президенттің халыққа арнаған жолдауларында қалыптасқан үрдіс бар.

Бірінші – халықты және Парламент депутаттарын қазіргі таңдағы елдегі, әлемдік қауымдастықтағы жағдайларға шолу жасау, жеткен жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді талдау. Екінші – Жолдау алдағы уақыттағы мемлекеттің негізгі бағыттарын айқындап, оларды шешудің тетіктерін белгілеу (заң, реформа, қаржы, т.б.). Үшіншісі, Жолдаудың ең өзекті символдық жағы Мемлекет басшысы ұлттық мүдде мен елдің тұтастығының кепілдігі ретінде көріні.

Жолдау деген бір-бірін толықтырып отыратын егіз ұғымды білдіреді. Біріншісі – жол сілтеу, жол көрсету. Екіншісі – халықпен ақылдасу, сырласу арқылы мемлекеттің алға қойып отырған жоспарын жеткізу. Ел ішіне әлеуметтік, экономикалық, рухани мәселелердің түйткілді жақтарына мемлекет жауап беріп отыруы керек. Біз қазір шайқалып тұрған әлемдік қауымдастықта өмір сүріп отырмыз. Қазақстан сол қауымдастықтың бір мүшесі ретінде экономикалық жүйемізді әлемдік стандарттарға, экономикалық ағымға қарай реттеп отыруы қажет. Конституция бойынша Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатын белгілейтін – ел Президенті. Сондықтан да Жолдауда еліміздің экономикалық, әлеуметтік дамуы мен сыртқы саясаттың негізгі басым бағыттары жолдаулардан көрініс тауып келеді. Қазақстан ел дамуының базисі болып табылатын экономикасын заман талаптарына сай жетілдіріп отыруы керек.

– Биылғы Жолдаудың негізгі бағыты қандай? Қандай мәселелерге басымдықтар берілген?

– Президент әрбір Жолдаудағы міндеттерді жүзеге асыру жолында ең әуелі дамыған елдердің тәжірибелерін мұқият зерттеп, қажеттісін алып, өзіміздің ұлттық жағдайымызға, мүдделерімізге сәйкестендіре отырып пайдалануға тырысады. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында негізгі міндеттер деп 7 бағытты атап көрсетті. Мәселен, елге инвестиция тарту. Ол үшін екінші деңгейдегі банктерді де инвестиция құюға тарту, алдағы 3 жыл ішінде банктер туралы заң қабылдау керектігі айтылды. Мұнан бөлек, міндетті түрде жаппай цифрлық елге айналу, цифрлық кодекс қабылдау, өңдеу өнеркәсібіне жана серпін беру, аграрсаланы одан әрі дамыту, Қазақстанды Евразиядағы көлік хабына айналдыру, елдегі мемлекеттік үлесі бар ұйымдарды барынша қысқартып, бәсекелестік ортаға жіберу, ел ішіндегі көш-қон үдерісіне бақылау орнату міндеті қойылды.

Биылғы Жолдаудың негізгі – ЖИ мен цифрландыру. Жолдауда ЖИ сөзі 31 рет, цифрландыруды дамыту сөзі 47 рет қолданылған. Мұның себебі мынау: қазір дүние жүзінде биылдың өзінде ЖИ-ді дамытуға 400 млрд доллар жұмсалса, 2030 жылға қарай бұл салаға 5 трлн доллар қаржы құйылады деген болжам бар.

– Түркиядағы әлеуметтік ахуалын, ел экономикасын жақсартуға қаншалықты әсері тиіп жатыр?

– Қазір әлемдік геосаясат өте күрделі жағдайда. Таяу Шығыстағы Израиль-Палестина соғысы, Газ секторында 2,3 миллион халық бомбалаудың нәтижесінде уақытша лагерлерді паналауда. Ресми дерек бойынша соғыс барысында 60 мың палестиналықтар қайтыс болып, 150 мың адам жарақат алған. Ресей-Украина соғысының салдарынан бүкіл Батыс елдерінің Ресейге қатысты санкциялары, АҚШ пен Қытай арасындағы қырғи-қабақ қатынас біздің еліміздің экономикасына үлкен кері әсерін тигізуде.

Әлемде 8 млрд халықтың 1 млрд 200 миллионы өте кедейлік деңгейде өмір сүріп жатыр. Біздің еліміз әлемдік қауымдастықтағы 200-ге жуық елдердің ішінде кедейлік шегі жөнінен 168-ші орындамыз (кедейлік күнкөріс деңгейі – жас басына шаққанда 52500 теңге). Салыстырмалы түрде айтсақ, 2001 жылы Қазақстанда тұратын халықтың кедейлер саны 46,7 пайыз болса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 4,5 пайызға дейін төменеді. Бұл – үлкен жетістік.

Елдегі тұтынатын азық-түлік қорзинасын салыстырмалы түрде көрсетсек: 1998 жылы еліміздегі орташа жалақы 6700 теңге болса, ең төменгі жалақы 2440 теңге болды. Ал 2025 жылы елдегі орташа жалақы 300 мың теңге, ең төменгі жалақы 85 мың теңге болды.

Атаулы әлеуметтік көмекке қатысты 2001 жылы заң қабылданды. 2001 жылдан 2024 жылға дейін ажырасу деңгейі екі есеге дейін артқан. Бұл өте өзекті мәселе.

Тәуелсіздікті алу бар да, оны тұрлауды ету деген тағы бар. Ел тәуелсіздігін баянды ету барған сайын оңай түспейтініне көзіміз жетіп отыр. Айналадағы бүліншіліктің Қазақстанда да орын алуын тілейтіндер жоқ емес. Ойы олақ, қимылы шалақ ондай жандардың иегінің астындағыны да көрмейтін керенау кердеңдігін халық біледі. Мемлекет басшысының қазақ қоғамын ілгері жылжыту, ізгілендіру, әділеттілік пен заңдылықты қоғам дамуының негізгі ету тәрізінде жасап жатқан орасан еңбегі елдік пен мемлекеттілікті нығайтуға бағытталғанын көріп отырмыз. Біздер, зиялы қауым, өмір көрген ақсақалдар, Мемлекет басшысының саясатын қолдап, оны орындауды әрқайсысымыз өзіміздің абыройлы міндетіміз деп білеміз.

Біз өзгеріс үстіндегі қоғамбыз. Өзгеріс – күресті. Күресте жеңіс те, жеңіліс те болады. Біреуге өз жеңілісін, біреуге өзгенің жеңісін мойындау қиын. Нарық қоғамындағы мұндай өзгерістер болмай қоймайтын тұрмыстың дағдарыстарды өз мақсатына пайдаланатындар да бар. Оның бірден-бір амалы – біліктігерлерді сынау. Оларды қалыптасып отырған қиындықтардың негізгі айыпкері етіп көрсету. Сол арқылы арзан ұпай жинау. Бұл түптеп келгенде қоғам неғұрлым ушыға түссе, бізге соғұрлым жақсы деп ойлайды. Бұл деструктивті жағдайға алып келуі мүмкін. Сондықтанда, заң мен тәртіп Президентіміз айтқандай, бірінші орында тұруы тиіс!

Әңгімелескен, Айгүр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ: ЖАҢАҚОРҒАНДА ӨНІМДІ ЖҰМЫС БАР

Жол – экономиканың құретаымы. Сондықтан жол инфрақұрылымының сапалы болуы өте маңызды. «Жол қадірін жүрген білер» демекші, елді мекендерді бір-бірімен байланыстырып, қайнаған тіршілікке жан беріп жатқан жолдың қадірін жүргіншіден артық ешкім біле қоймайды. Сыр өңірінде кейінгі жылдары жол құрылысы қарқынды жүріп жатқаны белгілі. Аудандық маңызы бар жолдардан бөлек, қала орталықтары мен кент ішіндегі көшелер де жөнделуде.

Мәселен, Жаңақорған кентінде тұрғындар көптен күткен игілікті іс – көшелерді асфальттау жұмыстары жүйеленіп, бірқатар аумаққа жаңа жол төселді.

Тегіс те сапалы жол елдің еңсесін

көтеріп, халықтың көңіл-күйіне серпін береді.

Биыл аудан орталығындағы 4 көшеге 807,3 млн теңгеге күрделі жөндеу жүргізілді. Атап айтсақ, Т.Құлымбетов, Т.Әбенев,

П.Өрғараев, Б.Ысқаков көшесінің (Әлімқолден Б.Алтынсарин көшесіне дейінгі) жолы жаңартылды. Сондай-ақ Қ.Жарқынбекұлы көшесіне орташа жөндеуге 112,5 млн теңге қаралып, жұмысы аяқталды.

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің мәліметінше, жыл аяғына дейін Б.Байкенжеев көшесі абаттандырылады. Сондай-ақ Хорасан ата көшесінің де келбеті заманауи үлгіде жаңармақ.

Жаңақорғандықтар үшін бұл – қуанышты жаналық. «Жолы түзелген елдің – тұрмысы түзеледі» демекші,

бүгінгі атқарылған іс – ертенгі игіліктің кепілі.

Айта кету керек, биыл 17 елді мекендегі 55,7 шақырым болатын 36 көшені жөндеуге облыстық және аудандық бюджеттен 3,8 млрд теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде аудандық маңыздағы 192 шақырым жолдың қанағаттанарлық деңгейі 96,4 пайыз болса, жөндеу жұмыстары аяқталған соң көрсеткіш 98,4 пайызға жетеді.

«СБ» ақпарат



Фото ашық деректерден



Ұлттық Банк «Gold Coin» жобасы аясында

ҰКІ инвестициялық монетасы айналымға шыққанын хабарлайды

Қазақстан Ұлттық Банкі бастап инвестициялық монетаның цифрлық баламасы – Gold Coin жобасы іске қосылғанын хабарлайды.

Жаңа инвестициялық құралды «Астана» халықаралық қаржы орталығы (Astana International Exchange, AIX) биржасының Tabys мобильді қосымшасында сатып алуға болады. Gold Coin жобасының мақсаты – Қазақстан азаматтарына заманауи технология мен цифрлық экономика жағдайында инвестициялауға және капитал жинақтауға балама көз ұсыну.

Gold Coin-ның бір бірлігі алтынның 1/20 троя унциясына тең. Оның құны Лондонның бағалы металдар нарығына қатысушылар қауымдастығы (LBMA) белгілеген алтын бағасына және сатып алу/сату күні алдындағы теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамына байланысты болады.

Tabys мобильді қосымшасын пайдаланушы онлайн режимінде Gold Coin сатып ала алады, оны және сатуға да, сыйға тартуға да мүмкіндік бар. Сондай-ақ, жиырма эквивалент (бірлік) жинақталғанда, Gold Coin-ды Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарында заттай алтын – UKI инвестициялық монетасына айырбастауға болады.

Gold Coin жобасы туралы ақпаратпен Ұлттық Банктің Youtube арнасында танысуға болады.



Номиналы 100 теңгелік Au 999,9 алтынынан жасалған, салмағы 31,1 грамм/1 троя унция UKI инвестициялық монетасы

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



Жұмыр жерді мекен еткен халықтар бір-бірімен тіл арқылы түсініседі, арасады, қарым-қатынас орнатады. Сол себепті тіл – қай елде де, қай ұлтта да, қай жерде де құдіретті, қастерлі ұғымға ие. Тіл – ұлттың жаны, бет-бейнесі, асыл қазынасы, өткені, бүгіні һәм болашағы.

Тіл білімінің негізін калаушы, ғалым А.Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп оның манызды екенін бір-ақ ауыз сөзге сыйдырған. Шын мәнінде, тіл – халық әдебиеті мен мәдениетінің, тарихы мен дәстүрінің ғасырларға жалғасқан тұтастай дәуірі, ерекше ұлттық болмысының, елдігінің айғағы.

Тағы бірде жазушы Жүсіпбек Аймауытов: «Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» деп баға берген екен.

Бүгінде мемлекеттік тілдің қолданысы аясын кеңейту, оны қоғамдық өмірдің барлық саласында еркін қолдануға мүмкіндік жасау – еліміздің стратегиялық бағыттарының бірі. «ҚР Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» іске асырудың нақты жобалары бар. Қол жеткізген нәтижелер де көңіл қуантарлы.

Мемлекеттік тілдің қолданылу аясы жылдан-жылға кеңейіп келеді. Білім беру, ғылым, мемлекеттік басқару, медиа, IT салаларында қазақ тілінде сапалы контент жасалып, тілдік ресурстар жетілген. Мемлекеттік органдар мен мекемелерде іс жүргізу қазақ тіліне көшіріліп, халыққа қызмет көрсету сапасы жалпыға қолжетімді бола бастады. Бұл – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, халықтың сенімін нығайта түсетін оң үрдіс.

Дегенмен, тілдің күнделікті өмірде қолданылу деңгейіне көп нәрсе байланысты. Оның көн өріс алып, ұлттың ұйытқысына айналуы үшін әрбір азаматтың белсенді ұстанымы мен жанашыр көзқарасы қажет.

Тілге құрмет – елге құрмет. Бұл бағытта отбасы, білім ордалары, қоғамдық институттар және БАҚ сынды негізгі құрылымдардың да жауапкершілігі зор.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында: «Тіл – көптеген мемлекет үшін өзекті мәселенің бірі. Осы мәселенің дұрыс шешілуі кез келген елдегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына едәуір ықпал ететінін тарихтың өзі көрсетіп отыр. Біз осы мәселеге келгенде сыртқы-ішкі факторларды ескере отырып, стратегиялық ұстамдылық және толеранттық танытуымыз қажет. Мен қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қарым-қатынас тіліне айналатынына сенімдімін» деп атап өтті.

Сыр өңірі қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, ұлттық рухы мен жадының тілін қолданушылардың көптігімен ерекшеленді. Тілге деген он көзқарас, шынайы сүйіспеншілік қалыптасқан. Соның бір айғағы – облысымыз 2001



жылы республикада алғашқы болып мемлекеттік мекемелерде іс-қағаз жүргізуді мемлекеттік тілге көшірген. Осыдан 10 жыл бұрын мемлекеттік тілде іс-қағаз жүргізу көрсеткіші 94 пайыз болса, қазір 99,6 пайызға жетті.

Тұрғылықты халықтың басым бөлігі мемлекеттік тілді меңгерген десек болады. Сөзіміздің нақты дәлелі, 2024 жылы жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға қарағанда, мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі 99,7 пайыз.

Тіл саясатын іске асырудағы жемісті қадамның бірі – тілдерді оқыту орталығы ұйымдастырған мемлекеттік мекеме, кәсіпорын, ұйым қызметкерлеріне, сондай-ақ жеке тұлғаларға арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін тегін оқыту курстары. Жыл басынан бері орталықта 818 адам оқып, оның 445-і мемлекеттік тілді, 199-ы орыс тілін, 174-і ағылшын тілін оқыту курстарынан өтіп, сертификат алды.

Тағы бір атап өтерлік жаңалық, орталықтың «Қазақ тілін кинофильмдер арқылы оқытуға арналған жаттығулар жинағы», «Тыңда! Түсін! Тіл үйрен!», «Қазақ тілін меңгертуге арналған мәтіндер жинағы» атты үздік деп танылған әдістемелік құралдары басыпдан шығарылып, еліміздің барлық тіл орталығына таратылды. Сондай-ақ орталық оқытушылары әзірлеген «Қазақтілді кәсіпкер» оқу құралының шабаршы нұсқасы республикалық сараптамалық комиссияға ұсынылды.

Бүгінде аймақ басшысының тікелей қолдауымен мемлекеттік тіл саясатын қолдауға бағытталған бірқатар әлеуметтік жобалар бар. Соның бірі «Аймаққа мемлекеттік тіл саясатын іске асыру» әлеуметтік жобасы жүйелі іске асырылуда. Мемлекеттік тілдің қолданысы аясын кеңейту, тіл туралы заңнамалардың сақталуын қамтамасыз етуде облыстық байқаулар, семинарлар өткі-

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

зіліп тұрады.

Байқау қорытындысымен облыс жеңімпазы атанғандар ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті ұйымдастыратын республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленіп жүр. Атап айтар болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы дәстүрлі республикалық байқауда орталықтың мемлекеттік тіл оқытушысы Г.Сембиева жүлделі І орынды, үш тілді меңгерген мемлекеттік қызметшілер арасында өткен «Тіл шебері» байқауында дін істері басқармасының бөлім басшысы Н.Бердібек жүлделі ІІ орынды иеленді.

Ономастика саласында «Қызылорда облысы ойқонимдерінің этномәдени негізі мен этнолингвистикалық табиғаты» әлеуметтік жобасы іске асып келеді. Бұл орайда елді мекен атауларының этномәдени негіздеріне, тарихына зерттеу жүргізілуде. Кейбір өзгеріске түскен атауларды қалпына келтіру үшін атқарылатын жұмыстардың ғылыми негіздемелері ұсынылған монография басыпдан шығарылады.

Құжат айналымының көрсеткішіне, мекеменің интернет ресурстарындағы мемлекеттік тілдің қолданылуына жос-парлы тексеру жүргізіліп отырады. Биылға жоспарланған 7 мекеменің 5-үніндегі (облыстық денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары, қорғаныс істері департаменті, Жаңа-қорған ауданы әкімінің және Қожакент ауылдық округі әкімінің аппаратары) «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның сақталуы тексеріліп, анықталған кемшіліктер негізге алынып, тиісті ұсынымдар берілді.

Кәсіпкерлік нысандардың көрнекі ақпараттарында заң талаптарының сақталуы қай деңгейде? Осы ретте 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес Қызылорда қаласы мен аудандар-

мыз екенін білеміз. Бүкіл қазаққа ән салдырып, «вальсстің королі» атанған Шәмші Қалдаяқовтың «Қайықта» әні тыңдаушысын да, айтушысын да махаббат толқынымен тербеді. Оқырманның бір көздісіне жарар, ән мәтінін толық берейік:

– Болсақтағы жаңа таныс, Жүзекте те алғаш қайықта, Ұшқыр қиял кетті алыс, Бұйырманы айшық. Самал болар толғандырған, Айдын шалқар көп бетін, Сәулем мені ойландырған, Сенің жарқын келбетін. Көңілді жүзін нұрландырып, Тұр ма сенің дидарың, Сол бейнеңді тұрған күліп, Су бетіне қимамды. Ескеңділ беріп маған, Мен есейін, сен еспе, Мен күлкісі сылдырлаған, Сенің күлкің емес пе?! Апылғандай айдын көлде, Үлкен өмір есігі, Су бетінде қайық бейне, Махаббаттың бесігі. Жылжы қайық осы көлде, Жыр толтыршы жаным, Махаббаттың бесігінде, Тербелейік тағы да.

Біздің кезімізде оқу жылының басында 3-4 күн оқытады да, сабақты жиып қойып, мектептің жоғары сынып оқушыларын күрші жинауға барады. Біз оған үйренгенбіз. Егінжайға паранша-қайт-канша қосылып әңдетеміз: – Балаусы енді бір кезде, Шашына ақ бантик байлаған. Өзгеріп кетіспіз бұл күнде, Көркіне көз тастап ойланам, – деп дауыс созамыз. «Ақ бантикті» аяқтай сала: – Сол бір кез есімде, жағасы бұлақтың,



ші Қалдаяқовтың әндері «Қазақ радиосынан» күн құрғатпай беріліп тұратын. (Ол кезде телевизор жоқ) Әдепкіде Мұзафар Әлімбаевтың сөздеріне жазылған «Ақ-мандайлым», одан «Ақсұңқарым» шықты. Авторлар біріншісін жігіттің қызға арнаған, екіншісін қыздың жігітке арнағаны депті. Мәтініне зер салсақ, расында соған келеді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін бір-бір шумағын қайырмасымен қоса жазайық: – Көкмайса Алатаудың бөктерінде, Гүл тердік жастық шақтың көктемінде, Алдымнан арманымдай жарқ етіп ең, Көңілімді жеткізгендей көкте күнге. Айналдым Ақмандайлым, Асылым бал тандайлым, Жалымда жас дәуренде, Ұялма, жан сәулем де, Жаксылықтың жоқ сәулем, ерте-кеші Жадырашы, наздыным еркелепші.

Енді «Ақсұңқарымға» ойысайық: – Есімде гүл терген көз көктем еді, Есті қыз ер жігітті шет көре ме, Қапысыз қайрылмастай құдай сүйсең, Құрбыжан құр бекерге өкпелеме. Батырым баяндым, Дархан той базарым, Ақкөңіл аяулым Ақсұңқарым. Аяла гүліңді, Ұмытпан үніңді, Бір жырыла жырыңды Ақсұңқарым. Екі дос қаздай, жадырап жаздай, Жұбыңды жазба, Ақсұңқар! Тыңда да бірге, сыңда да бірге, Шыңда да бірге Ақсұңқар, Ақсұңқар! Екі керемет ән жастың да, жасамыстың да жүрегің тербеді. Әндерді алғаш тыңдағаннан-ақ ұнатып, жеріне жеткізе орындаған Халық қаһарманы, жетаздай әнші, әлемге егілгі Роза Бағланова ана-

тұрған композитордың күйсандыққа келіп отырғаны сол-ақ екен, вальс екінімен шалқыған бір әсем саз төгіле береді. Міне, бұл «Сырласу вальсі» еді. Өсет Бейсеуов көбіне-көп әннің эстра-да жанрын қамтыды. Шығармашылық байланыста болып, біраз әндерінің сөзін жазған ақын Серік Тұрғынбековтің мынадай сөзі бар: «Өсет қазақ эстрадалығының негізін қалап, оны дамытты. Әндері лектелімен, толқын-толқын болып шығып жататын. Әндерінің көптігі, үйлесімділігі және тақырып ақымдылығы жағынан оған ешбір композитор таласа алмайды».

– Бір дәуірдің түлеп ұшқан жастары едік, Баріміз бір өмір жолын бастап едік, Армаңдастар қайда, абзал достар қайда? Замандастар, қарлығаштар қайда екен?!

Осылар басталатын Өсеттің «Армаңдастар» әні әлі күнге құлағымызда. Үйге қайтуға асықпаған маңағы бозбала мен бойжеткендер, бүгінде немере-шөбере сүйіп отырған еңбек ардагерлеріміз. Бір-бірімізді іздейміз, кездесіп тұрамыз. Мәдениет министрлігінің тапсырмасымен 1969 жылы ақын Оспанхан Әубәкіров, балетмейстр Равиль Сүлейменовтің ертіп келіп, Өсет Бейсеуовтің Жалағаш ауданында «Алтын арай» ән-би ансамблін құрғанын көп жұрт біле бермейді.

Жақсы ән тудыру терең толғаныс пен табиғат барған талантқа байланысты екені ақиқат. Соны жүрекпен тербесе, оған жақсы мәтін тап келсе, сөз жоқ, халық сүйіп тыңдап, сүйіп айтатын ән болары анық.

1960 жыл. Шілде айының орта тұсы. Алматыдағы кітап дүкенін аралап жүріп, Ілия Жақанов көкшетаулық ақын Еркеш Ибраһимнің «Қарлығаш» атты өлеңдер жинағын кездестіреді. Көп ойланбастан кітапты сатып алып, жұмыс орнына қайтып оралады. Оқи бастаған ол тұнып тұрған лирикаға тап болады. Сөйтіп отырғанда бөлмеге «Ақмандайлым», «Ақсұңқарым», «Қайықта» деген әндерімен дүркіреп тұрған Шәмші Қалдаяқов кіріп келеді. Ілия оқып отырған кітабын Шәмшіге ұстата салып:

– Шөке, қарашы, мұнда «Жалғыз қайық» деген өлең бар екен. Сенің қайығыңа қарағанда мына қайық мұндағы толы сияқты. Айлы түн. Көл жағасы. Түнгі көріністі айтқыпты берген. Өлеңнің өн бойынан екі ғашықтың мөлдір сезімін аңдауға болады. Бір кездері екеуі осы қайықпен армансыз серуендеген сыңайлы. Кейіпкер сол ғашығын сағынып, өткен күндерін мұнаға еске алады. Ал қайық болса, жағада тап-жылмай тілісіз тұр. Қандай тамаша сурет, – деп тамсанады Ілия.

– Рас айтсаңыз, – дейді Шәмші. Ілия Жақановтың ойынан: – Қаранғы түнде мұнайып, Толқынға малып тұмсығың, Жағада жалғыз тұр қайық, Маңайда мейіруе тыныштық.

Менің де сәулем жабығып, Ойлардан небір ыңкыпай, Отыр ма екен сағынып, Осынау жалғыз қайықтай, – деген өлең жолдары кетпейді. Көп толғанады. Содан тамаша ән туады. Өн болғанда қандай?!

Дирижер, дәулескер күйші, композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Қуа бол» әні шыққан бойда «Досмұқасан» тобының орындауында керемет қызығушылық тудырды. Өсіресе жастар жағы іліп алып: – Көзімді жұмсам да көрем сені, Еседі арманың қояыр сені, Қуа бол Алатау бақытыма, Қуа бол көк терек көленкелі, Қуа бол жұлдыз, Қуа бол айым, Қуа бол, Алатауым, – деп өз жүректерінің қалауындай қосыла шырқап кеткен.

Нұрғисаның жанындағы елжірететін «Әкеме» әнін тыңдамаған, оны айтпаған ұрпақ жоқ та шығар бәлкімі?!


– Жас едім өзгеріп өркін бойламаған, Күні ертең не боларын ойламаған. Шарықтап кетсем де алыс қанат қағып, Өзіндей қамқор адам қайда маған?!

Нұрғисаның осы әнін талай-талай әнші орындады, бүгіндері де орындалып жүр.

Ұрпақ жалғасуда. Асқар таудай әке болмысын ардақтаған әнді бала біткен айта жүрер. Тұманбай Молдағалиевтің сөзіне жазылған «Құстар әні» – Нұрғиса Тілендиевтің ән жанрындағы шырқау биігі. Қайталанбас қас таланттың қайталанбас туындысы. Онысыз да белгілі, мәтініне тоқталмай-ақ қояйық.



Өрден бастау алып елмен біте қайнаскан, көңіл көкжиегін нұрға бөлеп, өмірдің сәніне айналған ән өнерінің кешегісі тарих, бүгінгісі құнды, болашағы да жарқын болары сөзсіз. Тұтастай бір дәуірдің әндерін әуелетіп, қазақ даласын тербеген атақты композиторлардың ішінде Ілия Жақановтан басқасы (Ілия ағамыз жүз жасасын.) қазір арамызда жоқ. Олар ұмытылмайды, әндерімен бірге жасай береді.

Темірбек ЕСЖАНОВ, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



Биыл Қызылорданың ел астанасы болғанына 100 жыл толды. Тарихқа көз жүгіртсек, 1925 жылы Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеуден соң, Түркістан АКСР-нің құрамында болып келген Сырдария және Жетісу облыстары, сондай-ақ Қарақалпақ автономиялық облысы Қазақ автономиялық республикасы құрамына енді. Ел астанасын шалғайда орналасқан Орынбор қаласынан қазақтың қалың ортасына көшіру мәселесі қайта көтерілді. 1925 жылы 9 ақпанда Қазақ АКСР орталық атқару комитеті төралқасы мемлекет астанасын Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы шешім шығарды. Сол жылғы 15-19 сәуірде Ақмешітте өткен Кеңестердің бүкілқазақстандық V съезі халқымыздың «киргиз» деген атауын «қазақ», «Киргиз АКСР» дегенді «Қазақ АКСР» деп өзгерту, ал республика астанасы Ақмешіт қаласын «Қызылорда» деп атау туралы қаулы қабылдады.

ӨТКЕН ДӘУІРДІҢ РУХЫ САҚТАЛҒАН



1925 жылдың көктемі мен жазында мемлекеттік басқару органдары Сыр бойына көшірілді. Жаңа астана құрылысына және Қызылорданың Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени орталығы ретіндегі қызметін орнықтыруға С.Кожанов, Т.Рысқұлов, Ж.Мынбаев, Н.Нұрмаков, М.Тынышпаев, А.Кенжигалин, С.Ақиев, А.Серғалин, О.Исаев, С.Сәдуақасов, С.Ескараев, т.б. қоғам қайраткерлері белсенді қатысты.

1920 жылдың басында ел астанасын таңдаудағы шешімдер саяси және экономикалық себептермен қабылданды. 1925 жылы Қазақ автономиясы құрылғаннан кейін жаңа республика үшін астана таңдау мәселесі алға шықты. Сол кездегі саяси жағдай мен инфрақұрылымға байланысты Қызылорда қаласы астана ретінде таңдалып, еліміздің орталығы болды. Қызылорда қаласы сол уақыттағы республиканың саяси өмірінде маңызды рөл атқарды, жаңа республиканың қалыптасу кезеңінде көптеген оқиғалардың куәсі болды.

Қызылорданың Қазақстан астанасы болуымен тарихтың жарқын беттері ашылды. Бұл кезде қала тұрғындары 22577-ге жетті. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті гума-

нитарлық-педагогикалық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Сағат Тайман республиканың әкімшілік орталығы болған кездегі қала өміріндегі өзгерістер туралы былай дейді:

– Тұрғындар саны 22,5 мыңнан асты. Қалаға электр жарығы қосылып, осында түрлі мекемелер мен өндіріс орындарының іргетасы қалана бастады. Кондитерлік фабрика, ең ірі бетбұрыстардың бірі болды. Сондай-ақ Ақмешіттің Қызылордаға айналуы тек әкімшілік орталықтың көшіру емес, қазақ халқының ұлттық атауы мен мемлекеттілігін айқындап берген тарихи оқиға еді. Сыр бойындағы астана қазақтың саяси, рухани және әлеуметтік өмірінің жаңа дәуірін бастап берді.

Қызылорда Қазақ АКСР-нің астанасы болған уақытта қала қарқынды дамыды. Қоныстанушылар көбейіп, оқу, өндіріс орындары мен мекемелер саны артты. Қос қабатты, әсем үлгідегі үйлер, өнеркәсіп, мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру нысандары бой көтерді.

– Саз балшықтан салынған үй-жайлардың орнында қос қабатты үйлер сап түзеді. Сол кездегі мөлшермен құрылысқа қыруар қаржы бөлінген. 1925 жылы Орынбордан жаңа астанаға 49 мекеме мен 1150 қыз-

меткерді көшіру қажет болды. Көшіру комиссиясын орналастыру үшін әртүрлі нысандарды, тіпті сарайларды, жазғы асханалар мен моншаларды бейімдеуге тура келді, – дейді ғалым.

Айта кету керек, Қызылорда астана болған кезеңде бой көтерген көптеген ғимараттар бүгінге дейін сақталып, қаланың тарихынан сыр шертеді. Олардың қатарында ұлттық сәулет өнерінің бірегей үлгісі саналатын Айтбай мешіті, Құтқарушы Христос шіркеуі, білім ордасы ретінде қызмет еткен бұрынғы приход училищесі, сондай-ақ әскери комиссариаттың шақыру пункті бар.

Одан бөлек, сол дәуірдің қоғамдық өмірінде ерекше орын алған теміржолшылар клубы, тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз еткен теміржол милициясы ғимараты, қала тұрғындарына қызмет көрсеткен №5 дүкен мен қалалық монша, көлік қатынасының басты қақпасы болған теміржол вокзалы, транспорттық прокуратура, көркемсурет шеберханасы тарихи мұра ретінде сақталып отыр.

Бұл нысандар – Қызылорданың сол кездегі қарқынды дамуының айғағы ғана емес, ел астанасы болған шақтағы сәулет өнері мен қоғамдық өмірдің шынайы көрінісі. Бүгінде олар тарихи-мәдени мұра ретінде қала келбетіне айрықша сән беріп, өткен дәуірдің рухын паппақа жеткізіп тұр.

Жалпы Қызылорданың 1925 жылы Қазақ автономиясының астанасы атануы ұлтымыздың тарихындағы ең ірі бетбұрыстардың бірі болды. Сондай-ақ Ақмешіттің Қызылордаға айналуы тек әкімшілік орталықтың көшіру емес, қазақ халқының ұлттық атауы мен мемлекеттілігін айқындап берген тарихи оқиға еді. Сыр бойындағы астана қазақтың саяси, рухани және әлеуметтік өмірінің жаңа дәуірін бастап берді.

Сол себепті Қызылорданың астана ретіндегі кезеңі – қазақ тарихының тағалымды тарауы, елдігіміздің іргесін бекіткен белес болып саналады. Бұл жылдарда бастау алған саяси жетістіктер мен мәдени өрлеу бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына берік негіз қалап, Сыр елін тарих парағына мәңгілікке алтын әріппен жазды.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»



ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАДЫ

Қызылорда қаласында Қазақстан Халық партиясының бастамасымен өткен республикалық «Еңбек адамы – 2025» байқауының жеңімпаздары салтанатты түрде марапатталды.

Байқаудың негізгі мақсаты – еңбекті қоғамдағы ең жоғары құндылық ретінде насихаттау және жұмысшы мамандығы иелерінің ел дамуына қосқан үлесін дәріптеу. Жобаға барлық аудан және қаладан еңбек адамдары атсалысып, өздерінің кәсіби шеберлігін паш етті.

Марапаттау рәсімінде облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов еңбек адамдарының қоғамдағы орны туралы ой бөліссе, акын, Мәдениет қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы, «Қоғам ТВ» телеарнасының құрылтайшысы Шаһизада Әбдікәрімов олардың ел дамуы жолындағы рөліне тоқталды.

Қазақстан Халық партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Қайрат Ерназаров жеңімпаздарға «Еңбек майданы» медалін, сондай-ақ түрлі номинация иегерлеріне Алғыс хаттар табыстап, ізгі лебізін білдірді.

Марапат алғандардың қатарында егіншілер, құрылысшылар, дәрігерлер, мұнайшылар және өз саласында үздік нәтиже көрсеткен өзге де еңбек адамдары бар.

Іс-шара аясында партия қатарына жаңадан қабылданған азаматтарға партиялық билеттер табысталды. Бұл қалам олардың ел дамуына үлес қосуға және халық игілігі үшін аянбай еңбек етуге деген дайындығын білдіреді.

Шара қорытындысы тек марапаттау рәсімі ғана емес, еңбектің қадір-қасиетін дәріптейтін, еңбек адамдарына құрмет көрсететін мереке ретінде бағаланды.

«СБ» ақпарат



СЫРДЫҢ СПОРТТЫҚ ДАҢҚЫ ЖАҢА СТАДИОНДА ЖАҢҒЫРАДЫ

Кейінгі жылдары ел футболы тарихында ерекше оқиғалар болып жатыр. Биыл алматылық «Қайрат» UEFA Чемпиондар лигасы негізгі кезеңіне дейін жетті. Күні кеше жарыстың осы сатысында әлемге әйгілі «Реал Мадрид» секілді игілігін клубпен өз алаңында шеберлік байқасты. Алдағы уақытта дәл осындай биіктіктен қызылордалық «Қайсар» да көрінеді деген сенімдеміз.

Жергілікті «Қайсар» командасының құрылғанына алпыс жылға жуықтады. Қай кезде де облыс басшылығы тарапынан клубқа қолдау көрсетіледі. Қазірге дейін елдің игілігіне айналып жүрген «Локомотив» және Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион өз қызметін атқарып келеді. Дегенмен заман талабына сай жаңа стадион салу мәселесі күн тәртібіне шығып, жанкүйерлердің ұсынысы облыс басшылығынан қолдау тапты. Осылайша облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың табындылығымен бұлттыр жаңа аренаның іргетасы қаланды.

Алғашқыда 7 мың адамға арналған спорттық нысан қайта тапқылау барысында тағы 4 мың адамға ұлғайтылды. Осылайша жобаға түзету енгізіліп, 1-бөт.

спорттық нысан 11 мың адамды қабылдауға мүмкіндік туды. Бұрын жанкүйерлер стадионның екі жағында отырады деп жоспарланған еді. Енді екі қақпаның артында да екі мыңнан жанкүйерге арналған орындар орналасты.

Жаңа стадион үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Ендігі мақсат – онда халықаралық деңгейде ойындар өткізу. Оған толықтай сай келеді. Ғимараттың ішкі бөлігінде тоғыз спорт залы, түрлі үйірмелер орналасады. Ол орындар жас өрендердің тыңғылықты дайындық жасауына үлкен мүмкіндік.

Жанкүйерге арналған орындардың төбесі металл шатырмен жабылған. Бұл жөнінен стадионды салған «Нұрлы тау» компаниясының мол тәжірибесі бар. Көп жылдан бері металл құрылғыларын жасаумен айна-

/// ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТ» «РЕАЛ МАДРИДКЕ» ЕСЕ ЖІБЕРДІ

UEFA Чемпиондар лигасы негізгі кезеңі екінші турындағы қазақстандық «Қайрат» (Алматы) өз алаңында Испанияның «Реал Мадрид» (Испания) клубына есе жіберді.

Кездесу барысында алматылық команда алғашқы минуттарда белсенділік танытты. Осындай сәттердің бірінде Дастан Сәтпаев өзінің мүмкіндігін мүлтік жіберіп алды. Ойынның 26-минутында Килиан Мбаппе алматылық клуб қақпасына белгіленген пенальтиді мүлтіксіз орындаса, ол 52, 74-минутта тағы екі мәрте мергендік танытып, хет-триктің авторы атанды. Одан кейін Эдуарду Камавинга 83-минутта басымдықты арттыра түссе, 93-минутта Браим Диас қорытынды есепті белгіледі. Осылайша алматылық клуб қарсыласына 0:5 есебімен есе жіберді.

Қазірге дейін алматылық клуб бірінші турда Португалияның «Спортинг» (Лиссабон) командасынан 1:4 есебімен жеңіліп қалған еді. Енді олар беделді турнирде «Реал Мадрид» (Испания), «Интер» (Италия), «Арсенал» (Англия), «Брюгге» (Бельгия), «Олимпиакос» (Грекия), «Пафос» (Кипр), «Копенгаген» (Дания) клубтарымен ойнайды.

Еліміздің атынан турнирде алматылық «Қайрат» сыңа түсіп жатыр. Қазақстандық команда доп додасында барлығы 8 ойын өткізеді. Оның 4-еуі өз алаңында болса, 4-еуі сырт алаңға жоспарланған.

«СБ» ақпарат



Сурет ішілік дереккөзінен

лысқан олар бұл жұмысты өз деңгейінде атқарып шықты. Трибунаның биіктігі мен жанкүйер орны еуропалық стандартқа сай келеді. Стадионға келген әрбір адам еш кедергісіз ойынды тамашалай алады. Бұрынғы стадиондағы секілді шатыр тіреулері жоқ. Бұл адамға жайлы. Металл құрылғының барлығы жергілікті жерде дайындалған. Жанкүйерге қолайлы болу үшін екі табло қойылады. Сол арқылы стадионға келушілер көбірек ақпарат алады. Оған қоса әрбір орындыққа нөмір жазылады.

UEFA талабы бойынша стадион айналасында 1000 автокөлікке арналған тұрақты болуы ескерілген. Ал солтүстік трибуна жағынан серуендеуге арналған аллея іске қосылады. Онда түрлі ағаш пен гүлдер егіледі. Бұл көпшілік үшін

жайлы орынның бірі болмақ. Оңтүстік және солтүстік трибуна аралығында кафе мен жеңіл тамақтар сағатын орындар бар.

Алғашқыда стадион UEFA-ның үшінші санатына сай салынатыны айтылған. Десе де онда жанкүйерлер отыратын орындықтар саны артып, алаң, жарықтандыру және өзге де талаптар халықаралық стандарттарға сәйкестендірілді. Облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының келушілер көбірек ақпарат алады. Оған қоса әрбір орындыққа нөмір жазылады.

UEFA талабы бойынша стадион айналасында 1000 автокөлікке арналған тұрақты болуы ескерілген. Ал солтүстік трибуна жағынан серуендеуге арналған аллея іске қосылады. Онда түрлі ағаш пен гүлдер егіледі. Бұл көпшілік үшін

Бет қатталып жатқанда сүйінші хабар келіп жетті. Жаңа стадион FIFA тестілеуінен өтіп, жоғары деңгейлі «QUALITY PRO» сертификаттына ие болды. Заманауи үлгіде салынған спорттық нысанда енді жоғары деңгейдегі матчтар өткізуге толық мүмкіндік бар.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымадар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.